

Қ Р. Жоғарғы сотының торағасы  
Ж.Қ. Асановқа.

Атырау облыстық сотының  
торағасы М.Ж. Бектұрғановқа.

Атырау облысының қылмыстық істер  
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық  
сотының торағасы Г.Б. Даулетоваға

Жәбірленуші өкілі Сейткалиев Жанболат Қдировичтен,  
тұрағы: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Нұржау  
селосы Құспанов көшесі

### Алғыс хат

**Аса құрметті Жақып Қажыманұлы.**

13.11.2019 жылы (ic№2398-19-00-1/19) Атырау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрамында торағалық етуші судья З.К. Хамидуллина болып аталған санды қылмыстық іс бойынша тиісті адамдарды ҚР ҚК-нің 99-бабының 1- бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танып, 10 (он) жыл мерзімге бас бостандығынан қасындағы адамды ҚР ҚК-нің 432-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танып, 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазаларын тағайындауға айыптау үкімі жариялады.

Сонымен қатар, сот-медициналық сараптама жүргізу барысында жәбірленуші мәйітіне өрескел заң бұзушылықтарға жол беріліп, заңсыз сараптама қорытындысын берген фактісі бойынша Атырау облыстық прокурорына және «ҚР Әділет министрлігінің Сот сараптамалар орталығы» рмққ-ның назарына шара алу үшін жекеше қаулы жарияланды.

Осы қылмыстық іс бойынша торағалық етуші судья Хамидуллина Зарема Каримовнамен аталған істі қарау барысында өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылардың ҚПК-нің заң нормаларында көрсетілген құқықтары мен міндеттері толық сақтала отырып, берілген өтінішхаттар істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге, процеске қатысушылардың немесе басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге ықпал ететін жағдайда қанағаттандырылды өзге жағдайларда дәлелді себептермен шарасы алынды.

Қазақстан Республикасының		
Жоғарғы Соты		
27	12	2019 ж.
Кіріс №	5539	Бет 2

Торағалық етуші судья Хамидуллина Зарема Каримовна аталған қылмыстық іс бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сот төрелігін іске асыру жөніндегі өкілеттіктер берілген, өз міндеттерін сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көрсетілген рәсімімен тұрақты негізде толық көлемде судья әдебі талаптарын сақтай отырып, ешкімнің де заңды мүдделеріне соның ішінде жәбірлепнуші ретінде менің де мүддеме нұсқан келтірмей өзінің конституциялық міндетін бұлжытпай орындады.

Құрметті Атырау облыстық сотының торағасы М.Ж. Бектұрғанов мырза олай болса, Сіз басқарып отырған Атырау облыстық сотының ұжымының сот қауымдастығына қосқан ілесі өте зор екені көрініп тұр.

Нәтижесінде, Жоғарғы Соттың Төрағасы Жақып Асанов Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеуге арналған салтанатты жиында «Сот жүйесінің республиканы дамытуға қосқан үлесіне ерекше назар аударылды. Биылғы жылдың сот жүйесі үшін нәтижелі жыл болғаны аталып өтілді» - дей келіп, Атырау облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Тәтті Уәлиеваға «Құрмет» орденін табыстауы сот қауымдастығына үйлесімді құқықтық мемлекетіміздегі құқтық реформаның қарқынды дамуын дүние жүзіне паш еткені айдан анық байқалып тұр.

Сондықтан Сіздерге өз жанұямыздың атынан қажырлы еңбек, от басы ошақ қасыңыздың берекелілігін, тәуелсіздік күнімен құттықтай отырып, жаңа жылда жаңа табыстарға жетулеріңізге тілектеспіз.

Игі тілекпен: Сейткалиевтер жанұясы. 

Орын: Т. Боранғалиев.